

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің 2021 жылға арналған шекті шамасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 201 қаулысы

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 01.01.2021 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – қор) қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің 2021 жылға арналған шекті шамасы есепті айда қордың шотына келіп түскен активтер мөлшерінің 1,17 пайызынан асырылмай бекітілсін.

2. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин